

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік
практиканы өткізуге арналған келісім шарт**

Тараз қаласы

01 « 09 » 20 22

Бұдан әрі "білім беру ұйымы" деп аталатын «Тараз инновациялық көпсалалы колледжі» мекемесінің атынан, мекеме жарғысы негізінде жұмыс істейтін колледж директоры Мырзабекова Ляззат Тұрсыналиевна, бір жағынан, және бұдан әрі "кәсіпорын (ұйым)" деп аталатын "MARVEN TOUR" ЖШС атынан жарғы негізінде жұмыс істейтін директоры Алтынбекова Венера Айдаровна екінші жақтан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Білім беру ұйымы 2021 жылы түскен 10150100 «Туризм» мамандығы, 3W10150101-«Туризм жөніндегі нұсқаушы» біліктілігінің білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыны оқытуды жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын (ұйым) білім алушыны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практиканың базасымен қамтамасыз етеді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3. Білім беру ұйымы:

1) осы Келісімге, білім беру ұйымының жарғысына, білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларына және білім беру ұйымы қызметін реттейтін білім беру актілеріне сәйкес білім алушыдан адал және тиісті міндеттерді орындауын талап етуге құқылы.

4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) күндізгі оқу нысаны бойынша, 10150100 «Туризм» мамандығы бойынша оқитын білім алушыны оқу үдерісінің кестесіне сәйкес кәсіптік практикадан өту үшін кәсіпорынға жіберу;

2) білім алушыны осы Шартта көрсетілген міндеттер мен жауапкершілікпен таныстыру;

3) кәсіптік практиканың бағдарламасын және кәсіптік практикадан өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

4) кәсіпорынға (ұйымға) кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

5) білім беру ұйымының тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері арасында практика жетекшілерін білім беру ұйымның басшысының бұйрығымен бекіту;

6) кәсіпорынның қызметтері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

- 7) білім беру бағдарламасы мен оқу процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуін ұйымдастыру және мерзімді бақылауды жүзеге асыру;
- 8) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;
- 9) қажеттілігіне қарай кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;
- 10) егер олар практикадан өту барысында білім алушының қатысуымен жазатайым оқиғалар болған жағдайда оларды тергеуге қатысу;
- 11) білім беру ұйымы тартылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

3. Кәсіпорынның (ұйымның) міндеттері мен құқықтары

5. Кәсіпорын:

- 1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;
- 2) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;
- 3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;
- 4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға;
- 5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжамдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуды талап етуге құқылы.

6. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

- 1) білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының қауіпсіз еңбекті әдістеріне оқытуды жүргізу;
- 2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде алған мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 3) білім беру ұйымына оқу процесінің кестесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 4) осы шарттының ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтар бойынша кәсіби практикаға жолдамаға сай білім алушыны қабылдау;
- 5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;
- 6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуді қамтамасыз ету;
- 7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша, өндірістік оқыту немесе кәсіптік практика бағдарламалары бойынша үлгермеуі, сонымен қатар физикалық және психологиялық жағдайдың сәйкес келмеуі барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 8) білім алушының кәсіби практиканың бағдарламасын толық игеруі және оның жеке тапсырмаларды орындау үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарында қажетті жағдай жасау;
- 9) кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және кәсіби практикадан өту сапасын бағалау.

4. Тараптардың жауапкершілігі

7. Тараптарға осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

5. Дауларды шешудің тәртібі

8. Осы Келісімді орындау үдерісінде туындаған даулар мен келіспеушіліктер өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өзара қарастырады.

9. Келіссөздер, өзара тиімді шешімдер жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзу тәртібі

1. Осы Келісім тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

2. Осы Келісімнің ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

3. Осы шарт бірдей заң күшімен мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалады, әрбір тарапқа бір данадан беріледі.

7. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

Білім беру ұйымы:

Тараз инновациялық көпсалалы колледжі

(білім беру ұйымның атауы)

ИИК: KZ9296519F0007542098

БИН: 170540027439

БИК: IRTYKZKA Кбе -17

Банк: филиал АО «ForteBank» г.Тараз

Эл.почта: college_tigu@mail.ru

Мекен - жайы: Тараз қ. Рысбек батыр
көшесі №13Б

Тел.: 87262 50-13-20

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)

Кәсіпорын (ұйым):

(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және тағы басқа атауы)

ИИК: _____

БИН/ИНН: 1310400224 25

БИК: 005PKZKA

Банк: _____

Эл.почта: marina.touga@infobex.ru

Мекен-жайы: Тараз қ. Рысбек батыр көшесі №13Б

(заңды мекен-жайы)

Тел.: 8705 888 31 21

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон, факс нөмірі)

Білім беру ұйымының басшысы

Мырзабекова Ляззат Турсыналиевна

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

Мөр

(мемлекеттік мекемелер үшін), (жеке меншік мекемелерде болған жағдайда)



Басшы

Алтынбекова Венера Айдаровна

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(қолы)

Мөр

(мемлекеттік мекемелер үшін), (жеке меншік мекемелерде болған жағдайда)

